

6. <https://www.microsoft.com/ru-ru/translator/blog/2020/06/03/қазақ-тілі-қош-келдің-welcome-kazakh/>
7. А.Байтұрсынұлы Тіл тағылымы, – Алматы: 1992, - 413 бет.

ӘОЖ811.512.122

## БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫ

**Жаңбыр Мағира**

[jaqsylyqnuriya@gmail.com](mailto:jaqsylyqnuriya@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Ш.Құрманбаева

Адамзат ғасырлар бойы білім жинақтап, оны келесі ұрпаққа өткізіп, тәжірибе жүзінде, сынақтар мен қателіктер арқылы белгілі бір құндылықтар жүйесін қалыптастырды. Бұл құндылықтар адамзат баласы үшін өте маңызды. Өйткені олар ең алдымен адам мәдениетін, содан кейін ғана ел мен қоғамның мәдениетін қалыптастырады. Дегенмен, мұндай құндылықтарда конкреттілік жоқ, олар ережелер жиынтығы да емес, бірақ оларды оны сөзсіз ұстану керек, өмір салтына айналдыру керек. Олар сондай-ақ белгілі бір мәдениеттің, белгілі бір этникалық дәстүрдің дамуындағы белгілі бір уақыт аралығымен байланысты да емес. Бұл тек қана өркениетті жаңа заман адамын варвардан, яғни, алғашқы қауым адамынан ерекшелетін нәрсе. Әрине, мәдениетке, менталитетке, дінге байланысты – әр адамның құндылығы әр түрлі болуы мүмкін бірақ, жалпыадамзаттық құндылықтар нәсіліне, этносына, тәрбиесіне қарамастан көптеген адамдар үшін түсінікті және ол жоғарыда аталғандардың бәрін біріктіруші құндылық болып саналады.

Қазіргі заманауи, жаңартылған отандық білім беру үдерісінде тұлғалық-белсенділікке және құндылық бағдарға негізделген концепция (тұжырымдама) іс жүзінде жүзеге асырыла бастады. Бұл дидактикалық концепция барлық пәндерге тарай отырып, жеке тұлғаны тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу процесінің ғылыми негіздерін қамтиды. Сонымен қатар білім беру жүйесінің әр түрлі кезеңдерінің жүйелілігі, сабақтастығы мен болашағының қағидаларын ескере отырып, барлық балалардың жалпы жас және жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қарастырады.

Тіл – қай қоғамда болмасын қасиетті ұғым. Ол ұлттың өткен, қазіргі және болашақ жолын көрсетеді. Қазақ тілінің ауқымды әлемі арқылы оқушылар бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіре отырып болашақта жаһандық сын-қатерлерге төтеп бере алатын, келешек мақсат-міндеттерін анық болжай алатын, құндылық бағдарын саналы айқындай алатын, танымы терең, көкірегі ашық, ел патриоты бола алатын білімді, мықты, саналы, еркін ұлтжанды ұрпақ тәрбиелей аламыз. Жалпыадамзаттық құндылықтарды қастерлейтін адам ұлттық құндылықтарды да бағалай алады. Қазіргі қоғамда болып жатқан терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты қазақ тілі мен әдебиетін және басқа да пәндерді оқытудағы жаңа құндылық бағдарлы оқыту концепциясының интеграциялық мәселелері өте маңызды әрі өзекті болып отыр. Өйткені оқулықтардағы идеялар оқушының тілдік санасына сіңіп, өмірлік құндылығына айналуы үшін мектепте өтілетін сабақтар, әсіресе қазақ тілі мен әдебиет сабақтары құндылық бағдарлы жүргізілуі тиіс.

Ұлттық білім берудің соңғы жылдарында құндылық ұғымы қазақ тілімен мәдени - академиялық жағынан біріккен құбылыс ретінде қарастырылып жүр. Сонымен қатар құндылық бағдарлы оқытудың тиімді жолдарын, әдіс-тәсілдерін табу және қалыптастыру процесі

белсенді жүріп жатыр. Сол себепті мектептерде және жоғарғы оқу орындарында қазақ тілін оқытуда аксиологиялық (құндылық) әдіс-тәсілдер көптеп қолданыла бастады. Бұл процестің басты мақсаттарының бірі оқушылар санасында қазақ тілін, яғни ана тілімізді басты құндылық ретінде қалыптастырып сол арқылы басқада жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру. Бұған қазақ тілінің бүкіл тарихы мен қазіргі жағдайы түрткі бола алады.

Құндылық проблемасын ұлт философиясы тұрғысынан қарастырған Т.Бөрібаев бұл жөнінде: «Рухани болмысымызды ұлттық философиялық тұрғыдан зерделей отырып, халқымыздың құндылық бағдарын және рухани талғамы мен таңдауларын қалыптастыру қажеттігі нақты жолға қойылуы тиіс. Әсіресе мынау ғаламдастыру алдында базистік құндылықтарымызды менталитет өзегіне айналдырудың маңызы зор», - дей келіп, базистік құндылықтар қатарына ар-намысты жоғары ұстау, ата-ананы, үлкенді сыйлау, табиғатқа бас ию, қонақжайлық, еңбекқорлық, еркіндік, имандылық, дәстүршілдік, қанағаттық, ұлтжандылық, патриоттық сезімді, ерлік пен отансүйгіштікті қалыптастыру т.б. жатқызады [1, 198 б.].

Мектеп оқушыларын тәрбиелеу мен дамыту мәселесінің қазіргі кездегі өзектілігін екі ережемен көрсетуге болады: біріншіден, біздің қоғам тек білімді адам ғана емес, сонымен қатар адами қасиеттерге бай, терең білімді, адамгершілігі жоғары тұлғаларды дайындауды қажет етеді. Өйткені адамдыққа, Абай атамыз айтқандай “толық адамдыққа” деген ұмтылыс, өзінің бірегейлігін көрсетуге, әлемді білуге және өзін-өзі тануға деген ұмтылыс адамда мүлдем жаңа нәрсе жасауға, ойлап табуға, жобалауға деген ынтасын оятады. Осындай ынтамен өскен ұрпақ елінің болашағына ғана емес адамзат болашағына да қызмет етіп, адамдарға титтей де болсын пайда әкелу жолында жұмыс жасайды.

Екіншіден, біз бала тәрбиесіне қоғам болып атсалысуымыз қажет. Өйткені біз бұл әлемде, қоғамда ұрпағымызбен бірге өсіп, бірге өмір сүреміз, бірге дамимыз. Күнделікті өмірде болып жатқан оқиғалар, үлкендердің қарым-қатынасы, баланың мектептен тыс үлкендермен қарым-қатынасы оған дұрыс немесе теріс әсер етуі мүмкін. Баланың күнделікті ортасында болып жатқан әрбір жағымды-жағымсыз оқиғалардан алған әсерлері оның әлі де дамып келе жатқан адамгершілік санасына түсіп отырады және нәзік ақыл-ойы мен сезімдеріне әсер ете отырып болашақ тұлғаның психикасын қалыптастырады. Сол себепті өскелең ұрпаққа дұрыс тәрбие беру, оның бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру тек оны дүниеге әкелген ата-анасының немесе мектептегі мұғалімнің алдындағы ғана міндет емес, бұл біздің де міндетіміз, яғни баланың өмір сүріп жатқан ортасындағы әрбір адамның міндеті.

Оқушылардың құндылық бағдарларын қалыптастыру бойынша жұмысты оқудың алғашқы жылдарынан бастау керек. Өйткені осы кезеңде жеке тұлғаның одан әрі қалыптасуының негіздері қаланды. Н.Б. Трофимова атап өткендей, «бастауыш мектеп жасында оңай және еркін қалыптасатын нәрсе өмірдің келесі кезеңдерінде үлкен шиеленіспен беріледі» [2].

Балаларды тәрбиелеумен негізінен отбасы және білім беру мекемелері айналысады. Бала үшін екеуінің де рөлі зор, олардың біреуінің бала өмірінде болмауы қайғылы салдарларға әкеледі. Отбасы дәстүрлі түрде махаббат, достық, адалдық, үлкендерге қамқорлық және т.б. сияқты адамгершілік құндылықтардың қайнар көзі болып табылады. Ал мектеп – ақыл-ойын дамытады, балаға білім береді, шындықты іздеуге көмектеседі, шығармашылыққа үйретеді. Тәрбиедегі отбасы мен мектептің рөлі міндетті түрде бір-бірін толықтырып отыруы керек. Олар бірге балаға жауапкершілік, әділеттілік, борыш сезімі, патриотизм сияқты жалпыадамзаттық құндылықтар туралы білім беруі керек.

Әрбір адам үшін: өмір, денсаулық, физиологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру, еркіндік, ар-ождан, намыс, өзіне деген оң көзқарас, басқалардың тарапынан болып жатқан құрмет, өзін-өзі тану және білім беру, жаңа нәрсені үйрену және жаңасын құру мүмкіндігі, отбасы, балалар, мансап, қоғамды тану, өмірден ләззат алу – бағалы. Біз белгілі бір жалпыадамзаттық құндылықтардың жиынтығымен дүниеге келмейміз – беріліп жатқан

тәрбиеге, мәдени деңгейге, қоршаған ортаның әсеріне тәуелділіктің өзі қандай принциптерге сәйкес өмір сүруді таңдайды. Құндылықтарды өмір бойы нақтылауға және түзетуге болады. Біздің әрқайсымыз қоршаған ортадағы болып жатқан жағдайларға байланысты ненің жақсы, ненің жаман екенін шешеміз.

Адамгершілік мәселесі эстетикалық тәрбиемен, мектепке дейінгі және кіші жастағы балалардың жеке басының моральдық қасиеттерімен тығыз байланысты. Жеке тұлғаны адамгершілік тұрғысынан қарағанда, мораль термині көбінесе осы тұжырымдаманың синонимі ретінде қолданылатынын есте ұстаған жөн. Сонымен қатар, бұл ұғымдарды ажырата білу де керек. Мораль ретінде әдетте, қоғамда өмір мен қызметтің әртүрлі салаларында жеке адамға қойылатын нормалар, ережелер мен талаптар жүйесі түсіндіріледі. Ал адамның адамгершілігі оның моральдық санасының, осы нормалардың, ережелер мен талаптардың сақталуымен байланысты дағдылары мен әдеттерінің жиынтығы ретінде түсіндіріледі. Адамгершілік немесе адамгершілік тәрбиені қалыптастырудың өзі моральдық нормаларды, ережелер мен талаптарды жеке адамның біліміне, дағдылары мен әдеттеріне аудару және оларды тұрақты сақтау болып табылады. Философия туралы қысқаша сөздікте мораль ұғымы адамгершілік ұғымымен теңестірілген.

Ю.К. Бабанскийдің пікірінше, адамгершілік (моральдық) нормалар, ережелер мен жеке мінез-құлыққа қойылатын талаптар олар қоғамның моральдық мінез-құлқына және қоғамдық және жеке өмірдің әртүрлі салаларындағы жеке адамның іс-әрекетіне, сондай-ақ басқа адамдармен қарым-қатынасына байланысты белгілі бір әрекеттерді білдіруден басқа ештеңе емес [3]. Мысалы, моральға сәйкес, әр адам еңбекке адалдықпен қарауы, еңбек адамдарын құрметтеуі, жалпыхалықтық игілік пен табиғатты қорғауы, Отанға адал болуы, басқа адамдардың қадір-қасиеті мен абыройын сақтауы, ұжымшылдық, шыншылдық, қарапайымдылық және т. б. көрсетуі тиіс. Көріп отырғаныңыздай, осы нормалар мен ережелер адамның еңбекке, Отанға, басқа адамдарға және т. б. көрсетуі керек моральдық қатынастарды анықтайды.

Көріп отырғанымыздай, аталған қатынастардың әрқайсысы жеке тұлға ұстануы керек және оның өмірі мен мінез-құлқының негізін құрайтын бірқатар нормаларды, ережелер мен талаптарды қамтиды. Дәл осы Ережелер мен талаптар моральдық тәрбиенің мазмұнын нақтылап қана қоймайды. В.А. Сухомлинский сияқты көрнекті ғалым және мұғалім адамгершілік тәрбиенің даму жүйесіне үлкен үлес қосты. Оның еңбегі - ол тұлғаның жан-жақты дамуы туралы білім беру жүйесін жасады, онда орталықта адамгершілік тәрбие бар. "Адамгершілік тәрбиесінің өзегі-тұлғаның адамгершілік сезімдерін дамыту", - дейді В.А. Сухомлинский [4].

Тәрбие міндеттерінің бірі-баланың іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру. Іс-әрекетте моральдық қасиеттер қалыптасады, ал туындайтын қатынастар іс-әрекеттің мақсаттары мен мотивтерінің өзгеруіне әсер етуі мүмкін, бұл өз кезегінде ұйымдардың рухани-адамгершілік нормалары мен құндылықтарын игеруге әсер етеді. Адамның іс-әрекеті рухани-адамгершілік тәрбиенің өлшемі ретінде де әрекет етеді. Баланың моральдық санасының дамуы адамның адамгершілік тәжірибесіне, оның көзқарастары мен құндылық бағдарларына байланысты осы әсерлерді өңдеу арқылы ата-аналар мен мұғалімдерден келетін әсердің мазмұнын қабылдау және түсіну арқылы жүреді. Баланың санасында сыртқы әсер жеке мәнге ие болады, осылайша оған субъективті қатынасты қалыптастырады. Осыған байланысты мінез-құлық мотивтері, шешім қабылдау және баланың өз іс-әрекеттерін моральдық таңдауы қалыптасады. Мектептегі тәрбиенің бағыты мен балалардың нақты іс-әрекеттері жеткіліксіз болуы мүмкін, бірақ тәрбиенің мәні тиісті мінез-құлық талаптары мен оған ішкі дайындық арасындағы сәйкестікке қол жеткізу болып табылады. Рухани-адамгершілік тәрбие үрдісіндегі қажетті буын-бұл балаға жоғары, дін туралы, қоғамның моральдық принциптері мен нормалары туралы білім жиынтығын беру мақсаты. Моральдық принциптер мен нормаларды білу және сезіну рухани - адамгершілік мінез-құлық үлгілерін

білумен тікелей байланысты және моральдық бағалау мен іс-әрекеттің қалыптасуына ықпал етеді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бөрібаев Т. Қазақ менталитетінің әлеуметтік-философиялық табиғаты // Қазақстан жоғары мектебі. – 2003. – №4. – 196. -20 б.
2. Трофимова Н.Б. Духовный потенциал старшего школьника: структурно-содержательные компоненты и уровни реализации : монография / Н.Б. Трофимова; Федеральное агентство по образованию, ГОУВПО «Тамб. гос. ун-т им. Г.Р. Державина». - Тамбов : Издательский дом ТГУ им. Г.Р. Державина, 2009. - 216 с.
3. Бабанский, Ю. К. Избранные педагогические труды. - М. : Педагогика, 1989. – 558 с.
4. Сухомлинский В. А. Как воспитать настоящего человека (Советы воспитателям). – М.: Педагогика, 1979. – 552 с.

ӘОЖ 81'373.222(=161.1/=512.1)

### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАНЫМЫНДАҒЫ «БӨРІ» КОНЦЕПТІСІ

Жолдасова Әсел Темірбекқызы

[zholdassova\\_at@mail.ru](mailto:zholdassova_at@mail.ru)

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Филология:қазақ тілі» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Г.Мамаева

Адам интелектісі, танымы, ақыл-ойы, есте сақтау қабілеті философия, психология, логика сияқты ғылымдар аясында ертеден бері ғалымдардың назарын аударып, зерттеліп келе жатқан мәселе. Алайда когнитология ғылымы аталған ұғымдарға жаңаша, тереңірек зерттеу жүргізді. Адам танымын зерттеуде тіл ғылымы да шетте қалған жоқ. Адам ойын, санасын тілмен байланыстыра отырып зерттеудің аса маңызды екенін, тіл мен танымның тығыз байланыста болатынын когнитивті лингвистика ғылымы жан-жақты дәлелдеп берді. Қазақ тіл білімінде де «тілтаным» деген атау алған жаңа сала қарқынды дамып келеді. Бұл жөнінде ғалым Э. Оразалиева «Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы» атты ғылыми монографиясында «Қазақ лингвистикасындағы когнитивтік парадигманың даму тарихы ХХ ғасырдың І жартысынан басталған, ғылыми негізі сұрыпталған, өзіндік ұстанымдары мен ұғымдық бірліктері бір жүйеге түскен ілімдер қатарына жататындықтан, «тілтаным» ұғымының қалыптасу негіздерін зерттеу, танымдық бағыттың өзектелуін объективті және субъективті алғышарттарға сүйене отырып талдау әрі маңызды да құнды тұжырымдамаларды лингвокогнитологиялық және лингвоконцептологиялық сараптамадан өткізу қажетті жаңа лингвистикалық ізденістерге жол ашуда», - деп жазады [3,18]. Орыс ғалымы В. Маслова «Когнитивная лингвистика» Когнитивтік тіл білімінің ортақ мәселесі «ақыл-ой – тіл – репрезентациялау – концептуализациялау – категоризациялау – қабылдау» екендігін көрсеткен.

Әр халық тілінде қоршаған әлем туралы түсініктер, ұғымдар түрлі тілдік бірліктер арқылы таңбаланып, көп дүниенің бейнеленуі ұқсас болып келеді. Алайда әр ұлттың табиғатына, өмір салтына қарай кейбір ұғымдардың әртүрлі сипатта көрінуі де заңды. Белгілі бір ұлттың наным-сенім, дәстүрге байланысты ақпараттарын арқалайтын кең ұғымдарды концепт сөзімен атау бар. Бұл жөнінде ғалым А. Ислам былай дейді: «Лингвомәдени ізденістерде дүниетанымдық